	ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау). (сөйлеуді дамыту)			Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Тоқта, жолдас!" - дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"- дегені. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
Балалардың үйге қайтуы	Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру	Ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.	"Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	«Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Тәрбиешілер: Калмиярова К.К., Курманиязова М.М

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.11-15.11. 2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертенгілік ән «Әнұран» (Біртұтас тәрбие) Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу (музыка****)	«Жақсы тілек» Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	«Күніміз сәтті өтсін» Баланың бүгінгі күніне сәтілік тілеп, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.	Сәлемдесу. Баланың көңіл – күйі,оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау
	Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар» Құрманғазының күйі «Адай» күйі (Біртұтас тәрбие)				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Баланы ғаламтордың зиянды әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқы аздығының қандай зияны бар?"	Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	«Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	Дидактикалық ойын: «Әртүрлі заттар тобын салыстыру» Мақсаты: заттарды саны бойынша салыстыру	Дидактикалық ойын: «Сиырға қоршау» Мақсаты: Бұрын алынған дағдыларды қолдана отырып сиырға қоршау құрауды	Ірі құрылыс. ойындар «Көліктер жүретін көпір» Мақсаты: ірі конструктолар мен машина	«Көп қабатты үй» Мақсаты: құрылыс материалдардан көп қабатты үйлерді құрастыруды	Дидактикалық ойын: «Аюға үшбұрышты табуға көмектес» Мақсаты: Балаларды

бейнелеу, дербес және басқалары)	дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірінің жанына қою тәсілін қолдана отырып«қанша? неше?» сұрағына жауап беруге үйрету. (Математика негіздері)	үйрету.Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (Құрастыру)	жүретін көпірді құрастыруға үйрету. . Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (Құрастыру)	үйрету Құрдастарымен бірігіп ойнауға көмектесу. Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу (Құрастыру)	геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстырып, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттей білуге үйрету. (Математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру **) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру **) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру **) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру **) (Музыка****)
Таңғы ас	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Ас мәдениетін,үстелде отыру,тамақтану,асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету.	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	«Ойыншық дүкені» Мақсаты: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар) ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байытуды бекіте отырып қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. (Сөйлеуді дамыту) «Ауылға қонаққа барамыз, құстарға жем шашамыз» Мақсаты:үй құстары туралы түсініктерін кеңейту.Құстарға деген жанашыр, қамқор болуға жетелеу. (Қоршаған ортамен танысу) Ұлттық ойын: «Арқан тарту»	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету (дөңгелек,шаршы) Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.(Математика негіздері) «Жел» Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарының бірі желмен таныстыра отырып ауа райының жағдайын анықтауға және бақылауға үйрету. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін ,есте сақтау,зейін қою қабілеттерін дамыту (Қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын «Ойыншықтар достығы» ертегі Мақсаты: Балаларды ересектермен бірге таныс ертегілерді	«Көліктердің пайдасы». Мақсаты:балаларға көліктер туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға үйрету Сөздерде дауысты(о-е) кейбір дауыссыз (п-б)дыбыстарды анық айтуды үйрету.Сурет бойын-ша әңгіме құру.Байланысты -рып сөйлем айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Ұлттық ойын: «Ханталапай» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары туралы, олардың маңызы жайлы мағлұмат беру. Ата – бабамыздың ерте ден келе жатқан салт –	«Алдында – артында.» Мақсаты:балаларға алдында-артында туралы білімдерін бекіту. Қағаздың және өзіне тікелей байланысты орналас-қан кеңістікті(алдында – артында) бағдарлауды үйрету (Алдында – артында) ұғым-дарын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту (Математика негіздері) «Менің сүйікті мысығым» Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып сөйлеуге	«Менің көңілді добым» Мақсаты:. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. (Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет) « Табиғатқа серуенге барайық» Мақсаты: серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен,

	Мақсаты: Балалардың тыныс жолдары кеңеюін, аяққа, білекке, алақанға күш жиналып, адам денесінің қуатын арттыру.	сахналауға қатыстырып, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің ролін сомдауға жетелеу. (Көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Жолақтағы ою-элементтері» Мақсаты: жолақтағы ою-өрнек элементтерді дұрыс орналастырады. (Жапсыру-сурет салу-мүсіндеу).	дәстүрін дәріптеу.	үйретуді жалғастыру. (Сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын: « Тақия тастамақ». Мақсаты : Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу.	қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). (Қоршаған ортамен танысу) Ұлттық ойын: "Теңге алу" Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, саппен еркін жүгіруді үйрету.	Қазақ тілі "Орманда нелер мекендейді?" "Жабай аңдар". Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауды,	Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін	Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып

	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көжек тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттері. Балаларға көжек туралы тақпақты жаттату кезінде оның тіршілік ету ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуға ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Аңдардың төлдерін тануды үйрету және қазақ тілінде атауға дағдыландыру. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	өздеріне таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын түсінуді үйрету. Сурет салудан ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы бөлшектермен толықтырып салуды үйрету. Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып,	қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір қатарда еркін жүгіруді үйрету. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қоян орманға барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы	қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жабайы жануарлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру;	кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру. Құрастырудан ойын-жаттығу "Орманда кірпі жүр". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктелуі қасиетімен

		саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) (сөйлеуді дамыту)	геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауды үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Дидактикалық ойын. "Жабайы жануарлардың төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар мен олардың күшіктерін табуды үйрету.	таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктеуді үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату.
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау, ұқыпты киіне білуге үйрету	Өз шкафтарындағы киімдердің реттілігін сақтауға үйрету.	Киініп шешіну кезінде белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету	Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау
Серуен	Картотека №15 Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. Еңбек: Учаскедегі	Картотека №16 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты:Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру,күздегі өзгерістерді айтқызу.	Картотека №17 Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу. Еңбек: Учаскедегі күзгі	Картотека №18 «Күзгі желдің бағытын бақылау» Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы	Картотека №19 Ауа – райын бақылау. (күн салқын, ызғарлы жел, т.б) Мақсаты: Ауа – райының өзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын

	шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Қимылды ойындар: «Ақ қоян», «Күзгі тіршілік» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Экологиялық міндет)	Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату. Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер» туралы тақпақ айтқызу	жапырақтарды бір жерге жинау. Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу(Қ. Шарғытбаев)	соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру.Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру. Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.	меңгерту Еңбек: Ағаштың бұтақтары Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады (жапырақ) Қимылды ойындар: «Өз жұбынды тап» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
Серуеннен оралу	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қамбор болуға үйрету	Топқа оралу киімдерін жинау, қолымызды жуу	Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып , киюін қалыптастыру.	Топқа оралу киімдерін шешуге көмектесу. Қандай ойын ойнағаны туралы сұрау	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.
Түскі ас	Дастархан басында өзін тәртіпті ұстауға тәрбиелеу	Түскі ас кезінде гигиеналық шараларды орындау.	Үстел басында ауызды толтырып	Ас үстінде ұқыпты ішуге дағдыландыру	Ас ішіп болған соң ас қайтару тәртібін үйрету.

			сөйлемеуге дағдыландыру		
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.	«Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Ертегілер еліне саяхат» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін ажыратуға және мінез-құлқын келтіру білуге үйрету. (Көркем әдебиет) Дидактикалық ойын:	Дидактикалық ойын: «Біз дәрігерде қонақта болдық» Мақсаты: балаларды медициналық бөлмелермен таныстыру. Дәрігер мамандық туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын заттың сапасы мен	Ертегі «Түлкі мен қоян» Мақсаты: Ертегіні сахналау. Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясы мен эмоцианалды	«Жаңбыр» М.Алибаев. Мақсаты:өлеңлің мағынасын түсіндіру,өленді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету дыбыстарды анық айтқыз-уға баулу. Ауа-райының	«Қойды қораға қамайық» Мақсаты: Бұрынғы алған дағдыларды қолдана отырып қора құрастыру.Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру,

	«Көпір» Мақсаты: ірі конструктолармен бұрын өткен құрастыру тәсілдерін қолданып жаяу жүретін көпірді құрастыруға үйрету. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік бере отырып жауапкершілікк тәрбиелеу. (Құрастыру) Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар» Мақсаты Қарапайым сюжеттік композицияларды құруды үйрету. (ойыншықтар) бейнелеуді, жапсыруд, мүсіндеуді үйрету (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	қасиеттерін білідіретін сөздермен толықтыру.Үлкен-дердің еңбегін бағалай білуге үйрету (Сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын: «Қыз қуу» Мақсаты.Ойын арқылы салт – дәстүрді түсініп қастерлеуге ұлттыққұндылықты білуге үйрету.	образын беруге баулу. (Көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. (Математика негіздері.) Дидактикалық ойын: «Қоянға арналған сәбіз » Мақсаты:көкөніс тің пішінін келтіріп салып , жапсрып , мүсіндеуге үйрету. Бейнелеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (Сурет салу-жапсыру – мүсіндеу	жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу (Көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу) Дидакткалық ойын: «Аквариум балық-тары» Мақсаты.әр түрлі балықтардың пішінін, түсін келтіріп жасауға үйрету. (Мүсіндеу-сурет салу-жапсыру)	өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (Құрастыру) Дидактикалық ойын: «Дымков ойыншықтарын ата» Мақсаты: Бұрынғы үйренген тәсілдерді қолдана отырып дымқов ойыншықтарын мүсіндеп, бойап, жапсрыу дағдыларын қалыптастру.Бей нелеу өнеріне деген қызығушылықта рын арттыру. (Сурет салу-мүсіндеу-жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Ерғали Амира Куаныш Аль-Таир "Кірпіжан" тақпағын жаттау.	Абельчак Данил Талиев Эмиль Саусақ жаттығуы. "Қонжық".	Жолтабар Жасмин Апасов Роман Сөздік жаттығуы.	Гулембо Злата Игілік Айару "Түлкі" тақпағын жаттау.	Қабдуш Абдурахман Колузанова Мелания

	Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Д. Ахметова "Кірпіжан". Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? (көркем әдебиет)	Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау). Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, Бізді көрсе қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау). (сөйлеуді дамыту)	"Төлдерін ата". Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Төлеу Шаханов "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді қуын-ай! (көркем әдебиет)	"Қасқыр" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Көркем сөздер айтқызу. Жүсіп Қыдыров "Қасқыр". (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту.	Өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту.	Өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту.
Серуен	Картотека №22	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың дұрыс киініп шешінуін қадағалап үйрету.	Төлемақыны уақытылы төлеу туралы айту.	«Тұмаудың алдын алу» жолдарын айту	Дене шынықтыру киімдерін ұмытпай алып келу.	Балалардың «Бүгін не үйрендім?» тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Тәрбиешілер: Калмиярова К.К., Курманиязова М.М

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11.-22.11. 2024ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Қазақстан Республикасының Әнұраныын орындау» (Біртұтас тәрбие) Баланың бүгінгі көңіл күйіне, денсаулығына назар аудару	Балалармен ата-аналармен амандасу. Күнделікті дене қызуларын өлшеу.	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	Таңғы шеңбер: Туыспыз біз бәріміз, Біз Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң. Бақытты өмір сүреміз!	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.
	Апта Апта дәйексөзі: «Тәртіп-тәрбие бастауы» Дәулеткерейдің күйі «Көроғлы» (күй күмбірі)				
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту	Таңертен балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалмауын ауырған жағдайда ескертуі туралы айту.	«Адалдық пен әділдік» тақырыбында аналармен балаларының мейіріімді болуына,жаман істер жасамау,өтірік айтпау керек екендігі туралы айту	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу.туралы айту	Сөздік қорларын қарапайым ойындар арқылы қалай толықтыруға болады? Кеңес беру.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Дидактикалық ойын: «Жыл құстары» Мақсаты: Ересектердің сөзін түсініп тыңдап өз ойын айтуды бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді;естігені, көргенін айтуға дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту)	Кітап бұрышы «Қарлығаш пен жылан» ертегі Мақсаты: жаңа ертегілерді тыңдап үзіндісін қайталауға, кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге айтқызуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету. (Көркем әдебиет)	«Жаңылтпаш жаттау» Мақсаты: ана тіліндегі дауысты(е, о) және дауыссыз (к-қ) дыбыстарды дұрыс және анық айтуға үйрету. Бір ақ шымшық Екі ақ шымшық Көп ақ шымшық (Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет) Ұлттық ойын: Оңқа Ойынның мақсаты-асық ұту.Балаларды ептілікке, мергендікке үйрету. (Біртұтас тәрбие)	Дидактикалық ойын: «Мінездеме портреті» Мақсаты: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету. (Сөйлеуді дамыту) «Мен әдепті баламын» мақсаты: балабақшада, үйде көшеде тәртіп сақтауға үйрету.Әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғасытру.(қор шаған ортамен таныстыру	Дидактикалық ойын: “Атамның ауылына апарар жол” Мақсаты: Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.Балалардың ойлау қабілетін дамыту. (құрастыру)
Ертеңгілік жаттығу	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №6 (Дене шынықтыру**) (Музыка****)

Таңғы ас	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Ас мәдениетін, үстелде отыру,тамақтану,асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету.	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	Дидактикалық ойын: «Күзгі еңбек» мақсаты:Балабақшада, үйде тәртіп , тазалық сақтауға баулу.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне ұрметпен қарауға үйрету. (Қоршаған ортамен танысу) «Қоян зары» ертегісі А.Байтұрсынов) Мақсаты:Ертегі мазмұнын естеріне түсіру.Ертегіні сахналауға үйрету.Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясы мен эмоционалды	Дидактикалық ойын: «Алдында-артында.» мақсаты: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында. (Математика негіздері) Дидактикалық ойын: «Әр ойыншықтың орнын тап» Ма Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.қсаты:	Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Құрылыс материалдарынан ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен үй құрастыруға және дайын пішіндерден желімдеу техникасын қолданып үй жапсыруға үйрету отыр ып бояуларды ретімен қолдануда негізгі түстерді дұрыс пайдалана	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндер» (үшбұрыш) Мақсаты: : үшбұрышпен таныстырып, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеу (Математика негіздері) Дидактикалық ойын: «Ертегіні сурет бойынша тауып таныс жерлерін сахнала» Мақсаты: Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің ролін сомдауға	Дидактикалық ойын: Ертегі суреттерін жинау. Мақсаты: ертегі үзіндісін қайталап айтқызуға үйрету.шығарманы дұыс қабылдап, , еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің ролін сомдауға жетелеу. / (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Пішіндерді құрастыр» мақсаты: геометриялық пішін үшбұрышты таниды қоршаған

	образын беруге баулу. (Көркем әдебиет) (Қоян» Мақсаты: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыру кезінде желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануға баулу. Қарапайым сюжеттік композицияларды құруды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыруды үйрету.(мүсіндеу,жапсыру,сурет салу)	қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, өзіне қажетті ойыншықтарды пайдаланып болған соң орындарына қоюға үйрету.(Қоршаған ортамен танысу,құрастыру) «Бояулар сыры»(Өз қиялдарымен) Мақсаты:Қарапайым сюжеттік композицияларды құруды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыруды үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)	сурет салуға үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу (құрастыру, сурет салу жапсыру) Дидактикалық ойын: «Пішіндер» Мақсаты: пішіндерді зерттеп , аталған пішіннің ен ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеп қарама-қарсы және бірдей пішінін салыстыру . Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу (математика негіздері,мүсіндеу	жетелеу. Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясы мен эмоцианалды образын беруге баулу. (көркем әдебиет) Д/ойын: «Күз мезгілі» Мақсаты: Қарапайым сюжеттік композицияларды құруды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыруды үйрету. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылызаттарды мүсіндеу	орта заттарымен салыстырады. (Математика негіздері) «Әжемнің мәсі» Мақсаты*:* Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. (сурет салу, жапсыру)

				(Сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Бауырсақ әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің	Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Мақсат-міндеттері. Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау.Ертегі желісі бойынша	Дене шынықтыру "Жылан тәрізді болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мақтаншақ қоян".	Музыка "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.	Дене шынықтыру "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру.

	қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту.	барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібін үйрету.	Мақсат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ғажайып бөлме өсімдіктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауаптарын тыңдауды және гүлдерді аялауды, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау, ұқыпты киіне білуге үйрету	Өз шкафтарындағы киімдердің реттілігін сақтауға үйрету.	Киініп шешіну кезінде белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету	Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау
Серуен	Картотека №18 Күзгі жел. Мақсаты:балалардың күзгі табиғат құбылыстарымен	Картотека №19 Бұлттарды бақылау. Мақсаты: балаларға жер	Картотека№20 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа	Картотека №21 Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін	Картотека №22 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.

	таныстыруды одан әрі жалғастыру. Күзде суық жел соғып, ағаштардың күллі жапырақтарын жұлып әкетеді, жел аспандағы бұлттарды да жөңкілтіп «ай-дайды». Балаларға желдің күшін, бағытын қапалақ арқылы анықтауға үрету Экологиялық міндет	бетіндегі су айналымы туралы түсінік беру. Одан қорытынды жасауға үйрету. Бұлттарды көрсетіп, балалардың назарын соған аудару. Бұлттарды көріп, олардың көбі малға, аңдарға, түрлі заттарға ұқсас келетіндігін атап айту Экологиялық міндет	төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Экологиялық міндет	айыра білуге күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Экологиялық міндет	Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Экологиялық міндет
Серуеннен оралу	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қамбор болуға үйрету	Топқа оралу киімдерін жинау, қолымызды жуу	Топқа киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып , киюін қалыптастыру.	Топқа оралу киімдерін шешуге көмектесу. Қандай ойын ойнағаны туралы сұрау	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.
Түскі ас	Дастархан басында өзін тәртіпті ұстауға тәрбиелеу	Түскі ас кезінде гигиеналық шараларды орындау.	Үстел басында ауызды толтырып сөйлемеуге дағдыландыру	Ас үстінде ұқыпты ішуге дағдыландыру	Ас ішіп болған соң ас қайтару тәртібін үйрету.

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.(қазақ тілі***)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6	Ұйқыдан ояту жаттығуы: Кешен №6
Бесін ас	Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (Бір тұтас тәрбие)	Ас мәдениетін,үстелде отыру,тамақтану,ас хана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету.	«Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дидактикалық ойын: «Саны бірдей заттардың суретін сызып қос» Мақсаты: салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Бұрын алынған дағдыларды: төсеу,	«Ненің дыбысы» Мақсаты: дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. сөздің жіктелуіне байланыстырып сөйлеуге үйрету (Сөйлеуді дамыту)	«Жол белгілері» Мақсаты: Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыруды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары туралы, олардың маңызы жайлы мағлұмат беру. Ата – бабамыздың ерте ден келе жатқан салт –	Дидактикалық ойын: «Таныс пішіндерді қорша» Мақсаты:Геометриялық пішіндерді (шаршыны) танып, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеу.

	бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салуға үйрету. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (Математика негіздері,құрастыру) Ұлттық ойын: Оңқа Ойынның мақсаты-асық ұту.Балаларды ептілікке, мергендікке үйрету. (Біртұтас тәрбие)	Ұлттық ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Баланы ойынға ұйымдастыру, ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын, қимыл-қозғалысын жетілдіру, сөздік қорын байыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (Біртұтас тәрбие)	«Адал дос» ертегісі Балаларға адалдық тақырыбына сәйкес телевизордан мультфильм корсету Мақсаты:Балалардың арасында жағымды қарым қатынас орнату,бір -бірін сыйлауға,адал дос болуға үйрету (Біртұтас тәрбие)	дәстүрін дәріптеу.	Кесектерді алақандарының арасына домалатып, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуге үйрету. (математика негіздері, мүсіндеу) Ұлттық ойын: «Қыз қуу» Мақсаты.Ойын арқылы салт – дәстүрді түсініп қастерлеуге ұлттыққұндылықты білуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	Колузанова Мелания Жолтабар Жасмин "Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау. Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге	Игілік Айару Гулембо Злата Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Қалап Кемел Қабдуш Абдурахман "Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін	Ерғали Амира Талиев Эмиль "Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай	Апасов Роман Абельчак Данил "Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиын".

	ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (көркем әдебиет)	"Аңдып тұрған жау жоқ па?!"- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап?! (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды	Өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі	Өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету

	киінуіне көмектесуге үйрету) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Картотека №8	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11	Картотека №12
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың дұрыс киініп шешінуін қадағалап үйрету. Өнегелі 15 минут	Төлемақыны уақытылы төлеу туралы айту. Өнегелі 15 минут	«Тұмаудың алдын алу» жолдарын айту Өнегелі 15 минут	Дене шынықтыру киімдерін ұмытпай алып келу. Өнегелі 15 минут	Балалардың «Бүгін не үйрендім?» тақырыбында әңгімелесу. Өнегелі 15 минут

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Дарын» ЖК «Happy kids» балабақшасы

Топ: «Достық» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Тәрбиешілер: Калмиярова К.К., Курманиязова М.М

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11-29.11. 2024ж

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	«Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау» «Жылы сөздер» ойын әді-сі ойын жаттығулары ар-қылы сөздік қорын кеңей-ту (Біртұтас тәрбие)	Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (сөйлеуді дамыту)	Сәлемдесу Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. (сөйлеуді дамыту)	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. “Еркем-ай” https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.
Құрманғазының күйі « Балбырауын» Апта дәйек сөзі; «Тәртіп -тәрбие бастауы»					
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Кеңес. "Күз мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары".	Жаднама. "Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу".	Ата-аналарға кеңес. "Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру".	"Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі"	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

				тақырыбында әңгімелесу.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Дидактикалық ойын:** «Мамандықтардың бәрі жақсы» (дәрігер,өрт сөндіруші) Мақсаты: Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, еңбекқор,) аудару .Ересектердің сөзін түсініп тыңдап өз ойын айтуға дағдыландыру. (**Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Дидактикалық ойын: «Жалпақ-жіңішке. Заттарды белгісі бойынша салыстыру» Мақсаты: балаларды заттарды бір бірінің үстіне қою арқылы салыстыру тәсілдерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету. **(Математика негіздері)**	Дидактикалық ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: құрылысшы мамандығымен және олар-дың еңбегімен таныстыру. Құрылыс материалдарынан жаңа ғимараттар салуға үйре-ту. Өз бетінше құрастыру және өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (**Құрастыру)**	**Дидактикалық ойын:** «Үшбұрыш» Мақсаты:балалар-ды геоме-триялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; Геоме-триялық пішін үшбұ-рышпен таныстыра отырып,ажырата алу дағдысын қалыптас-тыру; Пішіндерді қол-мен ұстап көру арқылы зерттеу **(Математика негіздері)**	**Дидактикалық ойын:** «Табиғат бұрышын-дағы тіршілік» Мақсаты: табиғат бұрышындағы тір-шілік иелері жайлы қара-пайым түсінік қалыптас-тыру,оларды күтіп баптауға үйрету. Бақылау,байқау дағдыларын дамыту. **(Қоршаған ортамен танысу)**
Ертеңгілік жаттығу	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №.7 (Дене шынықтыру **) (музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №7 (Дене шынықтыру **) (музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №7 (Дене шынықтыру **) (музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №7 (Дене шынықтыру **) (музыка****)	«Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу №7 (Дене шынықтыру **) (музыка****)
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар»	«Ас адамның арқауы»	Нан қиқымын шашпаңдар,	Ас мәзірімен таныстыру.	Тамақ ішкенде әдептілік пен тазалықты сақтап

	Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі	Мақсаты: балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар.	Ботқа және оның құрамындағы дәру мендер туралы әңгімелеу.	отырып ас ішуге баулу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	«Биік-аласа.Оң жақ-сол жақ.» Мақсаты:биіктігі әр түрлі заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу, кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта)жетілдіру.Есте сақтау қабілеттерін арттыру. (**Математика негіздері)** «**Сауысқан мен көкек (**ертегі)» Мақсаты: Балаларды ересектермен бірге таныс ертегілерді сахналауға	«Бізге қуыршақтар келді» Мақсаты: түрлі қуыршақтар туралы қысқа сипаттау мәтінін құрастыруға үйретуді жалғастыру.Заттардың белгі-лерін атауға үйрету (үлкен, кішкентай қуыршақ, әдемі, сәнді көйлек,жағасы ақ)Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** «Аула сыпырушының еңбегі-мен таныстыру.Аула сыпыру-шының еңбегін құрметтеу,	«Алдында-артында.Жоғары-төмен» Мақсаты: суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасу бағытын ажырату мен атап көрсету (алдында-артында) түсінік-терді қалыптастыру;Биіктігі бойынша екі түрлі заттарды (жоғары-төмен) салыстыру. **(Математика негіздері)** «Аспазшы» Қ.Ыдырысов Мақсаты: балаларды шағын тақпақ жолдарын жаттауға, оқылған өлеңнің мағынасын түсіне білу, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық	Ат пен есек ***(халық ертегісі)*** Мақсаты Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясы мен эмоцианалды образын беруге баулу. **(көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын: «Қандай құс?» Мақсаты: Есту қабілеттерін жетілдіріп, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Дауыс және артикуляциялық аппаратын дамыту.	«Тәулік бөліктерін - таңер-тең, кеш,күндіз, түн» Мақсаты: тәулік бөліктерін-таңертең, кеш,күндіз, түн танып атауға,сөздерді сөй-леу барысында қолданып, ажыратуға үйрету; тәулік бөліктері туралы түсінік-терін дамыту. **(Математика негіздері)** Дидактикалық ойын: «Сенің ойыншығын қандай?» **Мақсаты:** Сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не

	қатыстырып, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің ролін сомдауға жетелеу. **(Көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын: «Кесені әшекейлеу» Мақсаты: қазақ халқының ұлт-тық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Кесені «тұмарша», «ирек су» ою-өрнек элементтерін пайдаланып әшекейлеуге үйрету. Әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып кесені мүсіндеуге, жапсыруға, суреттеуге үйрету. **(Сурет салу-жапсыру-мүсіндеу)**	серуенге шыққанда сынған ағаш бұтақтарды жинауға көмектесу. **(Қоршаған ортамен танысу)** Дидактикалық ойын: «Айгүлдің көйлегін безендіремз» Мақсаты: мақ-талы таяқша арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен безен-діруге үйрету.Дайын болған көйлегін қағаз бетіне орна-ластырып желімдеу, мүсен-деу, бояу.**(Сурет салу-жапсыру-мүсіндеу)**	айтуға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту**) **Дидактикалық ойын: «**Торсық» Мақсаты: қазақ ою-өрнектерінің элементтерін саулып, жапсырып және элементтернін және дұрыс орналастырып мүсіндеуге баулу.Қауіпсіздік сақтап , ұқыптылыққа тәрбиелеу.**(Сурет салу-жапсыру-мүсіндеу)**	**(Сөйлеуді дамыту**) Д\О: «Қуыршақты киіндірейік» Мақсаты: Ауа райын белгілеу суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты) **(Қоршаған ортамен танысу)** Дидактикалық ойын: «Әдемі үй» Мақсаты картон арқылы сурет салу әді-сімен таныстыру, суретті жандандыру; картон қағазды бояуға батырып түрлі геометриялық пішіндермен салып оны қағаз бетіне жапсырып жетпеген бөліктерді мүсіндеу үйрету.	үшін керектігі) білдіретін сөздермен то-лықтыру. суреттерді ба-лалармен бірге қарас-тыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоцио-налды түрде айту, бала-лардың пікірлерін тың-дау. **(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын: «Кілемді әшекей-леймыз»Мақсаты: жолақ-шаға қазақ ою-өрнегінің екі элементін саулуды және дұрыс бояп жапсыруды, соңынан шеттерін ермексазды есіп жапсыруға үйрету. **(Жапсыру-сурет салу-мүсіндеу)**

				(Сурет салу-жапсыру-мүсіндеу)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұйқыдағы аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту. Музыкадан ойын-жаттығу "Қысты сағындық". Мақсат-міндеттері. Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп,	Қазақ тілі «Үйдің көркі не?». Жиһаздар. Мақсат-міндеттер. Қазақстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Данаға бөкебайды дайындап берейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы	Дене шынықтыру "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-қол қимылдарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Шыршалар қар жамылды". Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету.	Музыка "Бауырсақтың әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың бесік жырының нәзік әуенін ықыласпен және қызығушылықпен тыңдау қабілетін дамыту; әнді айтқанда оны эмоционалды қабылдай білуді үйрету; музыка әуенімен бірге би элементтерін үйлесімді орындауды үйрету; ырғақтық қимылдарды музыкамен сәйкестендіре білуге жаттықтыру. Құрастырудан ойын-жаттығу "Шана".	Дене шынықтыру "Қорбаңдаған аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді атты суретпен танысу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс

	ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру.	және биіктігі бойынша тұстастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.	Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап". Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; ұйымдастырылған іс-әрекеті барысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. "Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Кедергілерге соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету.	Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату.	туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету. Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану.
